

## Шекті аукциондық бағаларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 30 қантардағы № 33 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 7 наурызда № 16536 болып тіркелді.

"Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 5-8) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 15.02.2023 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған шекті аукциондық бағалар бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.04.2020 № 155 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жаңартылатын энергия көздері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрық ресми жарияланғанынан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрі

К. Бозымбаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Т. Сүлейменов \_\_\_\_\_

2018 жылғы 22 ақпан

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2018 жылғы 30 қаңтардағы  
№ 33 бұйрығымен  
бекітілген

### Шекті аукциондық бағалар

Ескеरту. Бағалар жаңа редакцияда - КР Энергетика министрінің м.а. 15.02.2023 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

P/c №	Электр энергиясын алу үшін пайдаланылатын жаңартылатын энергия көздерінің технологиясы	Тариф шамасы, теңге/киловатт*сағат, (косылған күн салығыныз)
1	Жел энергиясын түрлендіруге арналған жел электр станциялары	22,68
2	Күн сөүлесінің энергиясын түрлендіруге арналған күн энергиясын фотоэлектрлік түрлендіргіштер	34,61
3	Гидродинамикалық су энергиясын пайдаланатын гидроэлектр станциялары	41,23
4	Биогаз кондырғылары	32,23